

## **«Мунганау үйіне бара жатыр»**

**Автор - Улла Лохман**

**Canon амбассадоры**

Бала жағажайда оңнан солға қарай жүріп келеді. Қолында – кішкентай дөңгелектері бар ұзын таяқ, қап-қара құммен жалаң аяқ басып келеді. Артында, оң жақта, мұнарланған көлшік үстінде жанартау күл бүркіп жатыр. Бұл көрініс суреттің жоғарғы жартысында үстемдік құрып, ашық аспанның өзін тұмшалап тұр.

Жанартаудан шыққан түтіннің қоюлығы сонша, бұратылған, домаланған кара-сұр күйі мелшиіп қалыпты. Етегі суға төселіп, баланың басынан асып, алысқа ұзаған. Бала ашық жасыл сүлгіге оранып, тізеден келетін балақсыз шалбар киген. Есімі – Мунганау.

Атқылаған жанартауға мән берер емес. От шарпып, күл бүркісе де, сескенбейді. Бар назары – өзі ағаштан жасаған қос дөңгелекті ойыншықта. Аяғының астында шөп, қураған бұта шашылып жатыр.

«Мунганау үйіне бара жатыр» деп аталатын суретті Папуа-Жаңа Гвинеяның Жаңа Британиясындағы Матупитке жасаған сапарларымның бірінде түсірдім.

Осы жерді үйім деп атайтын басқа балалар сияқты Мунганау өмірін Тавурвур жанартауының етегінде өткізіп жатыр. Бұл жер 1994 жылдарға дейін құм мен күлден таза еді.

Тавурвур жиі атқылай бастағанға дейін Бисмарк теңізінің мөлдір суы, жайқалған ормандары, таза жағажайлары алуан түсті бояуларға, өмірге толы нағыз жұмақ болатын.

Кейін жағдай өзгеріп, жанартау етегінде тұратын халықтың өмірі қиындаған. Жанартау оянған сайын газ, күл шашып, айналаны қара жамылғымен бүркеп тастайды.

Көтерілген газ кесірінен жауын-шашын қышқылданып, егінді, өсімдіктерді, ауыз суды бүлдіреді. Күл шашқа, киімге, ауызға қонып, өкпеге түседі. Денсаулық кінәраттары әсіресе балаларда жиі кездеседі.

Бірақ тұрғындар қиыншылықтарға қарамастан, теңіз құшағындағы үйреншікті атамекенін қимайды.

Күнде кешке балалар жағаға жиналып, күлді жуып, ойнайды. Түсіну қиын, бірақ Мунганау да, басқа балалар да бақытты. Жанартаудың қаһары таңсық емес, буырқанып, аспанға күл шашып әлек.

Тавурвур маңында тұратындар жоғын жоқтамай, барын қанағат тұтады.

Өмірге деген құштарлықтары таңқаларлық. Күнде үйлерін күл басатынына, бақшасында көкөніс өспейтініне, ішетін, тіпті жуылатын тұщы судың жоқтығына, жуған киім-кешектері жайған сәтте-ақ қара көрдей болатынан тоқтаусыз шағымдана беруіне болатын еді. Бірақ оған уақыттарын кетірмейді.

Мунганаудың Canon 5D-мен түсірілген суреті адамдардың қаншалықты бейімделгіш, төзімді, тапқыр болатынын айғақтайды, адам төзгісіз жағдайда да бақытты болатынын көрсетеді.

Уақыт өте келе тұрғындар бәріне бейімделіп алған. Солардың бірі – тауық тәрізді мегапод деген кішкентай құс. Мегапод жұмыртқасын кейде екі метр тереңдікке дейін ыстық жанартау топырағына салса, Тавурвурдың өзі оны «басып» шығарады. Тұрғындар жұмыртқаны азық үшін жинап қана қоймай, жанартаудың жарылу ықтималдығын болжау үшін де пайдаланады.

Жанартау атқылардың алдында көтерілетін газдар жерді қыздыратындықтан, мегапод жұмыртқасын жер бетіне жақынырақ салады.

Табиғат ғажайыптарының ішінде жанартаулар – ең кереметі. Тірі жүру, тіршілік ету туралы. Ол жарылған кезде мен дәл төбесінде тұрдым.

Жердің қайнап жатқан жүрегіне қарадым, мені басып кете алса да, салмағын сездірмеді. Риза болдым, тәнті болдым. Өйткені, өмір мен өлім арасында тұрсам да, маған ештеңе болған жоқ.

Меніңше, егер неғұрлым көп адам атқылаған жанартауды көрсе, әлем соғұрлым жақсырақ бола түсер еді. Өйткені жанартаудың жанында табиғаттың бізден күшті екенін сезінеміз. Бізден бұрын болған, бізден кейін де болатын жанартауларға қарап, табиғаттың құдіретіне тамсанасың. Жанартаулар айналасын жым-жылас жойып жіберуі мүмкін болғанымен, топырақты байытып, жайнаған экожүйелердің негізін қалайды, тіршілікті жалғайды.

Ал Тавурвурға келсек, соңғы кездері тыныш жатыр. Бұл жерді ондаған жылдар бойы араладым. Жақында Мунганаумен, ауыл тұрғындарымен бірге таңғажайып сәттердің куәсі болдым: жанартау ұйқыға кеткен сайын, өсімдіктер жайқалып, тіршілік жанданып, жұмақ қайта орнайды.